

2 модуль

ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙ- ШКІРЛЕРІ

3 дәріс. XV-XVII ғғ. Психологиялық идеялар

Психологиялық мәні жағынан қазақ фольклорының түрді жанрларының ішінде мақал-мәтелдер аса қызғылықты зерттеу объектісі болып табылады. Бұларда – халықтық өмір туралы саналуан пайым-байқауларның, ойға түйгендерінің нақты да дәл сипаттамаларының мәйегі сүзілген. Мақал-мәтелдер адам іс-әрекетінің себебін тікелей бақылау арқылы өзінше түйіндейді. Сондықтан да олар ғылыми бақылаудан өзінің кездейсоқтығымен, арнайы ұйымдастырылып, жоспарланбауымен өзгешеленеді. Алайда өмірде жиі қайталанатын сансыз бақылау күнделікті тәжірибенің өлшемі ретінде қорытыла келе, психологиялық ойдың мәйегіне айналады.

Мақал-мәтелдер белгілі бір шешім мен істің дұрыстығын анықтайтын логикалық қызметтің эталоны тәрізді адамның ой-әрекетінде маңызды рөл атқарып отырады. Мақал-мәтелмен нәрленген ой сенімді, нанымды саналады. Осынау ел-жұрт даналығында тек халықтық психологиялық білімдер ғана көрініс таппай, бұларда қоғамдық-саяси, философиялық, тәліми ойлармен қатар мінез-құлық нормалары да кездесетіндігі даусыз.

Көшпелі тұрмыс салтында мақал-мәтелдер мектеп пен мұғалімнің, кітап пен баспасөздің қызметін алмастырады. Ол

айналадағы сыры мол дүние туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы, халықтың өзінше шағын ауызша энциклопедиясы ғана емес, ұстаздық, тәлімгерлік рөл де атқарады, адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жерлеп, күлкіге айналдырады. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа да нұсқа, әрі тұжырымды болады. Бұлардың бала тәрбиесіндегі орны да айрықша. Халық даналығы ата-анаға ұрпақ тәрбиесі жөнінде өзінен бұрынғылардың моральдық-психологиялық, медициналық-гигиеналық, өнер-сайыскерлік ой-пікірлерін де шоғырландырып, бүкіл халықтың тәлімдік тәжірибесін мирасқа қалдырып отырды.

Мақал-мәтелдерде адамның жан қуаттарының басқа да толып жатқан жақтары бейнеленген. Бұларды психологиялық тақырып тұрғысынан төмендегіше топтастыруға болады: 1. Психологияның жалпы мәселелері; 2. Сезім мүшелерінің танымда алатын орны; 3. Тіл мен сөйлеу, бұлардың тіршілік пен қарым-қатынастағы рөлі; 4. Ақыл және ес; 5. Арман мен қиял; 6. Адам эмоциясы мен сезімдері; 7. Қажыр-қайрат пен бос белбеу, жүрексіздік; 8. Кісінің жеке-дара ерекшеліктері; 9. Түрлі топ өкілдерінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері; 10. Әртүрлі жас мөлшерінің психологиялық сипаттары.

XV-XIX ғасырдың бірінші жартысы қазақ халқының өз алдына хандық құрып, тайпалар бірлестігі мен феодалдық мемлекеттің нығая бастаған дәуірі еді. Осы кездері қазақтың өзіне тән рухани мәдениетінің өзіндік беті де айқындала бастайды.

Осы кезеңдегі дала ойшылдарының ішінде моральдық-психологиялық толғаныстарымен ерекше көзге түскендердің бірі –

кейіннен көшпелі елдің философы атанған алғашқы қазақ хандығының айналасында ақылгөй, ықпалды кеңесшісі, Әбілқайыр ханның тұсында, Керей мен Жәнібек сұлтандардың ақылшысы болған, туған халқының тағдырына, оның күйкі тіршілігіне қабырғасы қайысқан Асанқайғы елі қайғы-мұңсыз, жаны да, жері де жайсаң, жауласу мен араздасуды білмейтін «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» жерді іздеп тапқысы келді. Осы мақсатпен желмаясына мініп алып, қазақтың кең-байтақ даласын, тау-тасын шарлап кезумен болды. Жырау толғауларында психологиялық мәні зор қанатты сөздер көп. Қазақ жерінің табиғат жағдайларының, мекендейтін адамдарының жан-дүниесі ерекшелігін көрсететін деректерді, осы кезге дейін сақталған жер атауларын көптеп кездестіруге болады.

Дала феодалының отбасында Жайықтың сол жағалауында (кіші жүз) дүниеге келген Шалкиіз жырау (XVI ғ.) жастайынан жорықтарға қатынасып, ырымның, Солтүстік Кавказдың, Донның территориясын түгел шарлайды. Шалкиіз – орта ғасырлардағы көшпелілер ой-пікір тарихындағы ең жарқын, елеулі тұлға. Дала батырының ұрыстағы қаһармандығы мен өжеттегі, ержүректігі мен батылдығы көшпелілер психологиясы, әсіресе олардың негізгі қару-жарағы – алдаспанның қуатын дәріптеу, тайпаларды бірлікке шақыру – жырау толғауларының басты тақырыбы.

Өтірікі, суайт, қоян жүрек қорқақтар, мақтаншақ екіжүзділер – адам деген ардақты атқа лайықсыз жандар. Асқар таудың құзаршыңына ұмтылуды арман етпеген жан – ез. Жақсы адам дос-жаранын жауға тастамайды, «тұяғымен жер тарпыған» оның

дүлдүл тұлпары – айырмас жан серігі. Шалкиіз толғауларының әсер, рухы аса күшті, философиялық ой-толғамдарға аса бай, олар қысқа да болса, нұсқалығымен ерекшеленеді.

Алшын руынан шыққан әскери аристократияның көрнекті өкілі, шынжыр балақ, шұбар төс қазақ феодалының отбасында туған Жиёмбет жырау (XVII ғ.) Есім ханның бас биі, әрі әскери қолбасшысы болды.

Тәлімдік тұрғыдан алғанда Жиёмбет жырау қолбасша батыр психологиясын сомдаған. Олардың ішкі жан-дүниесінің ерекшеліктерін тамаша теңеулер арқылы айтады, көтеріңкі рухта суреттейді. Жиёмбет ұдайы қауіп-қатер төнген жағдайға дайын болудың қажеттілігін, сондықтан жастардың дене бітімінің шынығуына, олардың әскери дайындығына айрықша назар аударады. Өзінің алып тұлғасына дала түлектреі үшін үлгі-өнеге ретінде ұсынып, мансапқұмар, атаққұмар, өздерінің қарабасының мүддесін халық мүддесінен жоғары қоятын хандар мен уәзірлердің келеңсіз тіршілігін шенеп-мінейді.

Бұлардың қай-қайсысынан да көшпелі халықтың психологиясын жақсы байқауға болады.